




«ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы»
РМҚК-ның Академиялық сапа
жөніндегі кеңесінің 2024 жылғы
«10» желтоқсандағы шешімімен
хаттама № 7 бекітілген
Төраға 

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жасанды интеллектіні пайдалану ережесі

Кіріспе

Технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) қоғам өмірінің әртүрлі салаларына, соның ішінде академиялық ортаға айтарлықтай әсер етуде. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) магистранттары мен докторанттарына арналған және академиялық адалдықтың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, ЖИ-ді өзінің зерттеулері мен білім алу барысында дұрыс әрі тиімді пайдалануға көмектесу үшін әзірленген.

1. ЖИ-ге қатысты негізгі түсініктер мен оның мәні

1.1. Жасанды интеллект – бұл компьютерлік жүйелердің әдетте адам интеллектісін қажет ететін, соның ішінде оқу, деректерді талдау және шешім қабылдау міндеттерін орындау мүмкіндігі.

1.2. Академиялық ортада ЖИ күнделікті процестерді оңтайландыруға, акпаратқа деген қолжетімділікті жақсартуға, шешім қабылдау кезінде тиімділікті арттыруға және инновациялық зерттеулерді ілгерілетуге көмектесе алады.

2. Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

2.2. Академиялық адалдық лигасы кеңесінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы (хаттама № 04) отырысында қабылданған және бекітілген Академиялық қызметте жасанды интеллектіні пайдалану жөніндегі нұсқаулық;



2.3. 2024 жылғы 08 қазандағы № 658 ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура, докторантура) бағдарламалары бойынша академиялық саясат;

2.4. 2024 жылғы 02 шілдедегі № 435 ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы білім алушыларының/тындаушыларының әдеп және академиялық адалдық кодексі.

3. Оқу процесінде және магистрлік жобаларды/диссертацияларды жазу кезінде ЖИ-ді пайдалану тәртібі, талаптары мен шектеулері

3.1. Тәртібі

Қолдану негіздемесі: білім алушылар жазбаша жұмыстар мен зерттеулерде ЖИ-ді пайдалану қажеттілігін негіздеуі тиіс;

Профессор-оқытушы құрамы өзара жұмыс: егер білім алушы ЖИ-ді зерттеуінде пайдаланса, ол туралы ғылыми жетекшіге, сондай-ақ ЖИ-ді оқытылатын курстың жазбаша жұмыстары үшін пайдаланса профессор-оқытушы құрамға хабарлауы қажет;

Кешенді тәсіл: ЖИ-ді деректерді талдауға, идеялар табуға, ізденістерге көмекші құрал ретінде пайдалану қажет, бірақ онымен өз зерттеулеріңіз бен сыни ойлауыңызды алмастырмау керек;

ЖИ-ді пайдалану мүмкіндігі: Академия зерттеулер мен жазбаша жұмыстарда ЖИ-ді пайдалануды (ЖИ-дің бар-жоғын) тану үшін «StrikePlagiarism» түпнұскалықты тексеру жүйесін қолданады.

3.2. Талаптары

Әдеп және плагиат: Әдеп нормаларын сақтау қажет. Мәтінді талдау немесе контентін жасау үшін ЖИ-ді қолданған кезде дереккөздерді көрсетіп, плагиаттан аулақ болу керек.

Сыни бағалау: ЖИ-дің көмегімен алынған нәтижелер сыни тұрғыдан талданып, тексерілуі керек. Оларды тексерусіз түпкілікті деп қабылдауға болмайды.

Құжаттама: ЖИ-дің зерттеудегі рөлін көрсету және қабылданған тұжырымдарды негіздеу үшін ЖИ-ді пайдалану процесінің құжаттамасын жүргізу ұсынылады.

ЖИ-ді пайдалану негіздемесі: Жазбаша жұмыстың, ғылыми зерттеудің, жарияланымдардың авторы жұмыстың мазмұнына жауапты болады. ЖИ-дің түрі мен оны пайдалану максаты І-косымшада көрсетілген үлгіге сәйкес жұмыста көрсетіледі.

3.3. Шектеулері

Зияткерлік меншік құқығы: ЖИ-ді пайдалану зияткерлік меншік құқығын ЖИ жасаушылар тарапынан да, үшінші тұлғалар тарапынан да бұзбауы керек.

Өз зерттеулерін алмастырмау: ЖИ жұмыс жазудың негізгі құралы болмауы тиіс. Бұл жеке зерттеулер мен талдауларға косымша болуы керек.

Деректердің көрнекілігі: ЖИ арқылы алынған деректерді пайдалану кезінде олардың көрнекілігі мен дұрыстығын ескеру қажет.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясында жасанды
интеллектіні пайдалану
ережесінің 1-қосымшасы

Мен, _____, төмендегілерге сәйкес өзімнің зерттеуімде/эссемде/аналитикалық жазбамда жасанды интеллектіні қолданғанымды растаймын:	
Жасанды интеллект түрі	Жұмыста пайдалану мақсаты